

№148 қазақ орта мектебі

Компьютер болашақтың қожайыны!

Дайындаған: Балабаев Ербол

14.04.2017ж

Сабақтың мақсаты:

- 1** **Білімділік:** Информатика пәні бойынша біліктілікті арттыру
- 2** **Дамытушылық:** Пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып өзін-өзі өзектілендіруге, өзін танытуға бейімдеу;
- 3** **тәрбиелік:** Информатика тарихын білуге тәрбиелеу;

Сабақтың түрі: Сыныптан тыс жүргізілетін ақпараттық сабақ.

Сабақтың әдісі: Түсіндіру сабағы

Сабақтың типі: Білімді, іскерлікті, дағдыны қалыптастыру сабағы.

Жабдықтар: Интерактивті тақта, компьютерлер

Көрнекіліктер: Word, слайд

Пәнаралық байланысы:

Информатика, тарих.



Пернетақтадағы пернелерді қаншалықты білеміз?

1. Бір бетшені аштым да,
Мәтін жаза бастадым
Бірақ тілін шет елдің
Аударып алмай тастадым
Тілді қалай өзгертем
Көмектесші, достарым!

2. Бірігіп кетті екі сөз,
Не істерімді білмедім
Қане, қайсысың маған тез,
Ажыратып бересің?

3. Іздеп-іздеп пернеден таба алмадым
Ақыры есімді жаза алмадым
Достарым, айтыңдаршы бас әріпті
Перненің қай жерінен таба аламын?

4. Жаңа жолға түсіп алып енді мен,
Жаңа бір сөз жазғым келіп тұр енді
Бірақ бәрін ұмытыппын, достарым,
Көмек берші, әрі қарай не істеймін?





Әлемді 360°-қа өзгерткен
кісі кім?





Дүниеге келгені:

III Уильям Генри Гейтс
қазан 28, 1955 (1955-10-28)
(62 жаста)

Сиэтл Сиэтл, WA, US

Ұлты:

Америкалық

Оқығын жері:

Гарвард университеті
(1 семестр)

Мансабы:

Co-founder and Chairman of Microsoft
Co-Chair of the Bill & Melinda Gates
Foundation

CEO of Cascade Investment
Chairman of Corbis

Діні:

АГНОСТИК^{[2][3]}

Жұбайы:

Мелинда Гейтс (1994–қазірге дейін)

Балалары

3

Ата-аналары

William H. Gates, Sr.
Mary Maxwell Gates

Мектептегі өмірі

Мектептің өзінде-ақ 13 жасар Билл Гейтс және оның айырылмас досы Пол Аллен алғаш рет өрескел компьютерлік терминалды жасады. Содан соң олар ол үшін екі бағдарлама жасап шығарды. Ерекше үлгеріммен көзге шалынбаған, ол 9 сыныпты кітаптарға көз салмай- ақ ылғи бестікке (ағылшынша «А» әріпі) бітірді және «қабілеттілікке» тест тапсыру кезінде Американың үздік оқушыларының ондығына кірді, бұл да оның бүлігінің бір түрі болатын. Оныншы сыныпта Билл компьютер ісін оқыған жоқ, оны өзі оқытты. Сол кезде ол өзінің оқу сыныбы үшін бағдарламасын жасады. Сол жылдары Гейтстің жақын досы священниктің ұлы, Кент Эванс болды. «Біз бірге әлемді жаулап алуды армандаушы едік, – деп есіне алады Гейтс. – Мен қазірге дейін оның телефон номерін жатқа білемін». Билл, Кент және Пол Lakeside Programmers Group компаниясының негізін қалады және жергілікті фирмаларға қызмет көрсете бастады. Дәл сол кезде мектеп қабырғасында жүріп-ақ Пол Аллен Гейтстің алдын орап, барлық істі өз қолына алмақшы болды. Бірақ көп ұзамай, Пол бағдарламалар кодын жасауда оған шаршау мен шалдығуды білмейтін Биллдің қажет екеніне көз жеткізді. Сөйтіп Пол оны шақырды. «О'кей, – деді Гейтс, – бірақ менің бір шартым бар: мен қожайын боламын».

Студенттік өмірі

Билл Гейтс сол кезде Гарвард бітірмегені қызықты жайт. Гарвард университетінің дипломының орнына дүниеге «Майкрософт» компаниясын әкелді.



Компания жұмысы

Жаңа компания жаңа ғана сәнге айналып келе жатқан жеке компьютерлер үшін бағдарламалық құралдар жасай бастады. «Майкрософттың» дүниеге келуі жайындағы аңыз былай дейді: Аллен 1974 жылы Гарвардтағы Гейтске келе жатып, жолда газет дүңгіршегінен журнал сатып алмақшы болады. Алайда онда көрген дүниесі оның және Гейтстің өмірін мүлдем өзгертеді. «Таны- мал электроника» журналының мұқабасында Altair-8080 суреті жарияланған, ал оның үстінде ірі шрифтпен «Коммерциялық модельдермен бәсекелесуге қабілетті, әлемдегі ең бірінші компьютер» деп жазылған. Олардың екеуі де олардың алдында қандай көкжиектердің ашылғанын бірден түсінді. Олар «үй» компьютерлерінің нарығы сәлден кейін құлпырып, миллиондаған адамдарға бағдарламалық құрал қажет болатынын түсінді. Бірнеше күннен соң Гейтс Altair өндірушісі – MITS компаниясына хабарласып, Алленмен бірлесіп Altair-де қолданыла алатын Basic бағдарламалау тілінің нұсқасын жасағанын айтты. Гейтс жалған айтты. Сол кезде достар кодтың бір жолын да жазған жоқ болатын. Соның үстіне, оларда Altair-де, оның чипі де болған жоқ. MITS бұл туралы білмей, Гейтстің ұсынысына қызығушылық танытты. Осылайша достар Basic бойынша қауырт жұмысқа кірісті. Гейтс кодпен жұмыс жасаса, Аллен PDP-10 мек-теп компьютерінде Altair жұмысын симуляциялады. Бір жарым айдан соң, бағдарлама дайын болды. Аллен оны MITS-ке апарды. Сол кезде ол алғаш рет Altair-ді ұстап көрген еді. Таңғажайып керемет болды – достардың бағдарламасы іске қосылды! Келісім-шарт жасалды.

«Бағдарламалық құрал нарығы туындады!» – деп айқайлап жіберді Гейтс. Қазір Билл Гейтс "Майкрософт" компаниясын басқармайды. Уақытының көп бөлігін қайырымдылыққа жұмсауда. Билл Гейтс алдына бейбітшілік бойынша Нобель сыйлығын алуды мақсат еткен. Ол 2012 жылы бейбітшілік бойынша Нобель

Билл Гейтс жайлы туралы қызықты

Мәліметтер


1. Гейтс жайлы жазылған кітаптың саанында Шенжок. Amazon.com сайтына Gates деп енгізсеңіз, оған байлынысты 137 мыңнан астам нәтиже тауып бере алады.
2. 13 жасқа енді толған Гейтс достарымен бірігіп, мектеп компьютерінің мәліметтеріне қол сұққан. Гейтсті жазалаудың орнына Сиетлдің компьютерлік орталығы балақайды жұмысқа алып, өз бағдарламаларын тексеруге тапсырма беріп отыратын.
3. Компьютерлерге деген құмарлығын байқаған вундеркиндтің ата-анасы Биллды электронды машинаға бір жыл бойы жолатпаған. Бір жыл бойы атақты бағдарламашы ұлы адамдардың өмірбаяндарымен танысқан. Тарихи тұлғалардың ойлау қабілеті мен логикасы Биллге қатты ұнайтын.
4. Билл Гейтс ресми түрде тастағандардың ішіндегі ең бақытты адам болып танылды, дегенмен, араға бірнеше жыл салғаннан кейін, Билл сонда да Гарвардты бітіріп, салтанатты түрде дипломын алды.
5. Қазіргі компаниясының атауын Гейтс алғашқыда "Micro Soft" деп жазған.
6. Оның арғы атасы заң шығарушы органда жұмыс істеп, қала мэрі болған, атасы - мемлекеттік банк президенті қызметін атқарған, ал әкесі адвокат болған.
7. 1968 жылы Лэксайд колледжінде алғашқы компьютерлер пайда болғанда, Гейтс күні-түні сол маңайдан кетпейтін. Оның оқу үлгерімі күрт нашарлап кеткені де сол себептен шығар.
8. Гарвардтағы оқу Гейтсті тез шаршатқандықтан, ол бос уақытында покер не бағдарламалар жазумен айналысқан.
9. Гейтс өзінің профессорларына **30-ға толмай миллионер болам** деп айтқан екен.
10. 31-ге толған Гейтс - миллиардер!
11. Жыл сайын Гейтс жеке меншіктегі тұрғын үйлер мен көліктеріне салық ретінде бір миллион доллар көлемінде қаражат төлейді.
12. Өзінің алғашқы бағдарламасын Билл Гейтс **мектеп қабырғасында оқып жүргенде** жазып, қолданысқа енгізді.

Қанатты сөдер

- Мен жұмысқа жалқау адамдарды аламын. Себебі олар кез келген қиын мәселені шешудің оңай жолын тез-ақ табады.
 - Өз жұмысыңыздан ләззат алыңыз. Сол кезде гана сіз өмір бойы жұмыс істемегендей сезімді бастан өткересіз.
 - Барлық арман орындалмайды. Мысалы мен аспаз болуды мақсат тұтқанмын. Бірақ олай болмады.
 - Сіздің аты-жөніңіз галамторда жоқ болса, демек сіз бизнестен тым ашақсыз.
 - Сондай-ақ 500 жыл өмір сүретіндей бейқам болмаңыз.
 - Жаңа іс бастау ешқашан да кеш емес.
 - Егер басыңызға жақсы идея топ ете қалса, оны дереу іске асыруға талпыныңыз.
 - Кез келген жобада өз мақсатыңды нақты түсінбеу, табысты болуға кедергі келтіреді.
- Білім – ең маңызды аспап
- Кез келген жерде, заң пайда болады
- Жаңашылдық – шағын мемлекеттің үкіметін тығыз айқындайды.
- Сенің ең бақытсыз тұтынушың, бұл сенің ең маңызды өмірдегі сынағың
- Алдағы 10 жыл бизнес үшін, келер 50 жылмен салыстырғанда өте үлкен өзгеріс әкеледі.
- Барлық жарнамалар сөзсіз үлкен дербестендірілген жүйеге ауысады.
- Қай уақытта да жұмысты жасағанда немесе жойып жібергенде, Гарвардқа оралудың кеш емес екенін ұмытпа.
- Бизнес – үлкен құмарлықпен азғана ережеден тұратын, өте қызық ойын.



**Тест
тапсырмалары**



Керекті ақпараттарды дәптерімізге
жазып алайық!

Мынау ұшқыр заманда,
Жаналық енді ғаламға.
Компьютер тілін меңгеру,
Қажеті туды адамға.



Қорытынды

Компьютер болашақтың қожайыны екені барлығымызға айқын!

Компьютердегі толық игеріп , біліктілігімізді арттырайық !



КАНИКОЛЫ ТУДАТ ШИШУСЬ ПАНАТ

